




**Павлодар қаласы
«№5 жалпы орта білім беру мектебі» КММ**

**9-сыныпқа арналған аттестаттау
тапсырмаларының жинағы**



2021-2022 оқу жылы

Павлодар қаласының «№5 жалпы орта білім беру мектебі» КММ

Авторлар ұжымы:

1. Сагинова Дария Сейтказыевна – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, шығармашылық топ жетекшісі, педагог-эксперт.
2. Аманова Асем Ережеповна – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-модератор.
3. Омарова Асимгуль Маратовна – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші.
4. Сакижанова Айгуль Оразовна – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, жоғары санатты.

**Аттестаттау тапсырмаларының жинағы (9-сынып).
Көмекші құрал. – Павлодар қаласы (шығармашылық топ).**

2022 жыл – 48 бет.

Андатпа

Бүгінде балаларға қосымша білім беру саласында барлық бөлімдерін, сондай-ақ әрбір шығармашылық бірлестік жұмысын бағдарламалық-әдістемелік жағынан түбегейлі қамтамасыз етпей, қосымша білім беру жүйесін дамыту мүмкін емес.

Аталған үдерісте әдістемелік қызмет ерекше роль атқарады. Қызмет түрі бойынша әдістемелік қамту – бұл әдістемелік материалдардың түрін әзірлеуге әр түрлі санаттағы педагогикалық қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсетуге, тиімді педагогикалық тәжірибені анықтауға, оқып-үйренуге, жинақтауға, қалыптастыруға және таратуға бағытталған үдеріс.

Оқу-әдістемелік материалдардың құжаттары балаларға қосымша білім беру жүйесіне ендіруге арналған оқу жоспарларын, оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеуді қамтиды.

Бұл дидактикалық материалдарда түрлі мәселелер қарастырылған. Негізгі тақырыбы 9-сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттауға дайындау тапсырмалары

Бұл нысан 9-сынып оқушыларына көмекші құрал ретінде қарастырылады. «Кәсіп – бақыттың шырағы, Еңбек – ырыстың бұлағы», «Көшпенділер мәдениеті», «Наурыз және әлем халықтарының оны қарсы алу ерекшеліктері», «Алаш идеясы мен қайраткерлері», «Заң – қоғамның тірегі», «Құлан – жоғалудың аз-ақ алдында тұрған жануар», «Роботтар әлемі», «Отбасы құндылығы – ұлт болашағының негізі», «Табиғатты сақтау – болашақты сақтау», «Болашақтың мамандықтары» сияқты тақырыптар бойынша мәтіндер мен түрлі тапсырмалар дайындалды. Тапсырмалар 9-сыныптарда өткізілетін жан-жақты тақырыптарды қамтиды.

**Павлодар қаласының білім бөлімінің әдіскері З.С. Алибаева,
Павлодар қаласының №5 жалпы орта білім беру мектебінің қазақ тілі
мен әдебиет пәнінің мұғалімдері: Асем Ережеповна Аманова,
Дария Сейтказыевна Сагинова, Асимгуль Маратовна Омарова,
Айгуль Оразовна Сакижанова қалалық шығармашылық топ
«Қорытынды аттестаттауға дайындау тапсырмалары» жинағына
(оқыту қазақ тілінде емес жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына)
арналған**

Пікір

Аталған жинақ 9-сыныпқа (барлығы 10 тақырып) арналған. Қорытынды аттестаттауға дайындау тапсырмалары қазақ тілді емес мектептерде қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан меңгеруді қамтамасыз ететін, сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін іс жүзінде іске асыратын, оқушылардың сөйлеу дағдысы мен сауатты жазу дағдысын қалыптастыратын білім мазмұнын, көлемін, мөлшерін, оқу жүктемесін қамтитын, білім, білік дағды – деңгейлеріне байланысты тақырыптық бөлімдерді біріктірген, қорытынды аттестаттауға қойылатын талаптарға сәйкес құрастырылған.

Тапсырмаларда тілдерді оқыту мен үйретудің өзіндік ерекшелігі ескерілген және қорытынды аттестаттаудың орта буындағы білім мазмұны тілдік деңгейлер бойынша түзілген.

Оқушылардың алған білімдеріне қарай қабілетін аша отырып, дифференциалды түрде қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан меңгерту, сөйлеу, жазу, тілдік қабілеті дамыған дара тұлғаның қалыптасуына бағытталған тапсырмалар қамтылған. Қорытынды аттестаттауға дайындау тапсырмаларының мазмұны: «Кәсіп бақыттың шырағы, Еңбек – ырыстың бұлағы», «Көшпенділер мәдениеті», «Наурыз және әлем халықтарының оны қарсы алу ерекшеліктері», «Алаш идеясы мен қайраткерлері», «Заң – қоғамның тірегі», «Құлан – жоғалудың аз-ақ алдында тұрған жануар», «Роботтар әлемі», «Отбасы құндылығы – ұлт болашағының негізі», «Табиғатты сақтау – болашақты сақтау», «Болашақтың мамандықтары» атты бөлімдерге бөлініп алынған.

Ұсынылған қорытынды аттестаттауға дайындау тапсырмалар жинағын оқу үдерісінде қолдануға болады.

**Павлодар педагогикалық университетінің
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент**



М.И. Оразханова

«Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
ПОДПИСЬ <i>Оразханова</i> КОЛЫН РАСТАЙДЫН ПББ БАСТЫҒЫ / НАЧАЛЬНИК ОУП ЗАРЯДНО
Некоммерческое акционерное общество «Павлодарский педагогический университет»

Павлодар қаласының №5 жалпы орта білім беру мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері: Аманова А.Е., Сагинова Д.С., Омарова А.М., Сакижанова А.О.-ның әзірлеген «Қорытынды аттестаттауға дайындау тапсырмалары» жинағына (оқыту қазақ тілінде емес жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына) арналған

Пікір

Аталған жинақ 9-сыныпқа (барлығы 10 тақырып) арналған. Қорытынды аттестаттауға дайындау тапсырмалары қазақ тілді емес мектептерде қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан меңгеруді қамтамасыз ететін, сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін іс жүзінде іске асыратын, оқушылардың сөйлеу дағдысы мен сауатты жазу дағдысын қалыптастыратын білім мазмұнын, көлемін, мөлшерін, оқу жүктемесін қамтитын, білім, білік дағды – деңгейлеріне байланысты тақырыптық бөлімдерді біріктірген, қорытынды аттестаттауға қойылатын талаптарға сәйкес құрастырылған.

Тапсырмаларда тілдерді оқыту мен үйретудің өзіндік ерекшелігі ескерілген және қорытынды аттестаттаудың орта буындағы білім мазмұны тілдік деңгейлер бойынша түзілген.

Оқушылардың алған білімдеріне қарай қабілетін аша отырып, дифференциалды түрде қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан меңгерту, сөйлеу, жазу, тілдік қабілеті дамыған дара тұлғаның қалыптасуына бағытталған тапсырмалар қамтылған. Қорытынды аттестаттауға дайындау тапсырмаларының мазмұны: «Кәсіп бақыттың шырағы, Еңбек – ырыстың бұлағы», «Көшпенділер мәдениеті», «Наурыз және әлем халықтарының оны қарсы алу ерекшеліктері», «Алаш идеясы мен қайраткерлері», «Заң – қоғамның тірегі», «Құлан – жоғалудың аз-ақ алдында тұрған жануар», «Роботтар әлемі», «Отбасы құндылығы – ұлт болашағының негізі», «Табиғатты сақтау – болашақты сақтау», «Болашақтың мамандықтары» атты бөлімдерге бөлініп алынған.

Ұсынылған қорытынды аттестаттауға дайындау тапсырмалар жинағын оқу үдерісінде қолдануға болады.

Қалалық ӘБ жетекшісі



Г.С. Байгулова

Түсіндірме жазба

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім алушыларды қорытынды аттестаттау – олардың тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу сабақтарының, оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім ретінде анықталған.

2019-2020 оқу жылынан бастап негізгі орта мектеп бітіруші түлектер үшін қорытынды аттесттаудың форматы өзгерді. Себебі 9-сыныпты бітіруші түлектер 7-сыныптан бастап үш жыл бойы жаңартылған оқу бағдарламасымен білім алып және оқудағы жетістіктері критериалды жүйеде бағаланып келеді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №125 бұйрығына 2019 жылдың 26 қарашасындағы №509 өзгерістер мен мен толықтырулар енгізілді.

Жаңа форматтағы сынақ түрі болғандықтан, сұрақтар мен алаңдаушылықтар болуы заңды. Соның алдын-алу үшін мұғалімдер мен оқушыларға әдістемелік көмекші құрал дайындап ұсынуды жөн санадық. Мектебіміздің шығармашылық топ мұғалімдері әзірлеген 9-сыныпқа арналған қорытынды аттестаттау тапсырмаларын қамтиды. Ұсынылып отырған жинақтағы үлгі тапсырмалар мен нұсқалардың негізінде мұғалімдер оқушылардың білім деңгейін тексереді.

Жұмыстың мазмұны

1. «Кәсіп – бақыттың шырағы, Еңбек – ырыстың бұлағы».
2. «Көшпенділер мәдениеті».
3. «Наурыз және әлем халықтарының оны қарсы алу ерекшеліктері»,.
4. «Алаш идеясы мен қайраткерлері».
5. «Заң – қоғамның тірегі».
6. «Құлан - жоғалудың аз-ақ алдында тұрған жануар».
7. «Роботтар әлемі».
8. «Отбасы құндылығы – ұлт болашағының негізі».
9. «Табиғатты сақтау – болашақты сақтау».
10. «Болашақтың мамандықтары».

Кіріспе бөлім

Аттестаттауға арналған материалдар мұғалімге 9-сынып білім алушыларына «Қазақ тілі» пәні бойынша аттестаттау дайындығын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Аттестаттауға арналған әдістемелік материалдар «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасы негізінде дайындалған. Бөлім/ортақ тақырып бойынша аттестаттау тапсырмалары мұғалімге білім алушының тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Аттестаттауға арналған әдістемелік ұсыныстар бөлім/ортақ тақырып бойынша аттестаттау өткізуге арналған бағалау критерийлері бар тапсырмалар ұсынылған.

Аттестаттау материалдары негізгі мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, мектеп үйлестірушілеріне, басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Негізгі бөлім

Берілген аттестаттау материалдары келесі тақырыптардан тұрады:

1. «Кәсіп – бақыттың шырағы, Еңбек – ырыстың бұлағы»;
2. «Көшпенділер мәдениеті»;
3. «Наурыз және әлем халықтарының оны қарсы алу ерекшеліктері»;
4. «Алаш идеясы мен қайраткерлері»;
5. «Заң – қоғамның тірегі»;
6. «Құлан - жоғалудың аз-ақ алдында тұрған жануар»;
7. «Роботтар әлемі»;
8. «Отбасы құндылығы – ұлт болашағының негізі»;
9. «Табиғатты сақтау – болашақты сақтау»;
10. «Болашақтың мамандықтары».

Жалпы жоғарыда аталған тақырыптардың тапсырмалары оқушылардың деңгейлеріне сай құрастырылған. Әр тақырып үш тапсырмадан тұрады. Тапсырмаларда көзделген басты құзырлықтарға төмендегілер алынды.

Коммуникативтік құзырлық

Білім алушы:

- білім алушы оқылған тақырыптар аясында белгілі бір күрделі тұтас мәтіндердің мазмұнын түсінуі;

Коммуникативтік құзырлық

Білім алушы:

- сөздердің айқын және астарлы мағынасын, мәнін түсінуі;
- белгіленген оқу стратегияларын пайдалануы тиіс.

Тілдік құзырлық

орфографиялық және грамматикалық нормаларды сақтауы тиіс.

Қорытынды бөлім

9-сыныпқа арналған қорытынды аттестаттау тапсырмалары оқушылардың қызығушылықтарының ерекшеліктеріне сәйкес материал тандап алынды. 9-сыныптар үшін әзірленген аттестаттау тапсырмалары оқушылардың білім деңгейін тексеріп, қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Аттестаттау тапсырмалары мұғалімге білім алушының жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік беруге әзірленген.

Қазақ тілінің бағдарламалық мазмұнын тексеру үшін тексеру тапсырмаларын қолдану да көзделеді. Білімнің беріктігін қамтамасыз ету үшін, баланың қазақ тілін дамыта түсу үшін аталған тапсырмаларға баса назар аудару қажет.

Берілген тапсырмаларды орындауда оқушылар өз беттерімен ізденеді, оқушының ой өрісін кеңейтіп, есте сақтауын дамытады, байқағыштығын қалыптастырады, есте сақтау қабілеттері шындалады, тіл байлықтары дами түседі. Оқушының өзіндік пікір айтып, оны қорғай білуіне мүмкіндік жасалады.

Кәсіп – бақыттың шырағы, Еңбек – ырыстың бұлағы

«Жер – өмірдің бесігі, Еңбек – ердің несібі», – дейді қазақ халқы. Өз еңбегімен танылған азаматтар мен кәсіпорындар да көп. Солардың бірі – Қызылорда облысында күріш өндірумен айналысатын – «Абзал және К» ТС-і (Толық серіктестігі). Ауыл шаруашылығы өнімін шығару арқылы да үлкен жетістікке жетуге болатынын дәлелдеп отырған бұл өндірісті жас кәсіпкер Мағжан Ералиев басқарып отыр.

«Абзал және К» ТС-і 2017 жылдың қорытындысымен «Алтын сапа» сыйлығының иегері атанып, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың қолынан үздік сапа белгісін алса, 2019 жылы желтоқсанда Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты шарада компания басшысы Мағжан Ералиевке «Парыз» сыйлығының «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» номинациясының Алтын жүлдесін табыс етті.

Компания Нағи Илиясов ауылындағы арнайы жерлерінде күріш егеді де, алынған өнімді өз зауытында өңдейді. Компания жылына таза ақталған 25 мың тонна күріш өндіреді. Оның 50 пайыздан астамы Россия, Украина, Тәжікстан, Өзбекстан, Монғолия т.б. елдерге экспортқа шығарылады. Компания қазіргі таңда күріш өндірушілердің үздік үштігінің қатарына қосылды.

Жыл сайынғы өткізілетін «Туған жерге тағзым» жобасының төңірегінде компания туған жері – Н. Илиясов ауылының дамуына үздіксіз үлес қосып келеді. Мұнан өзге бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында компания 54 жаңа еңбек орнын ашып, жалпы 400-ден астам адамды еңбекпен қамтып отыр. Сондай-ақ, Қызылорда қаласында жаңа күріш зауытын, «Мүсірәлі» мешіті мен медресесін, Сырдария ауданына қарасты Нағи Илиясов ауылында стадион, ауылдық округ әкімдігі ғимаратын салып, ауылдағы мұражайға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізді. Ауылды толықтай көгалдандырды. Ауылдағы тұрмысы төмен, сондай-ақ көпбалалы отбасылардың үйлеріне қайта жөндеу жүргізіп берді. Компанияның қолдауы нәтижесінде бұл ауыл республика көлеміндегі озықауылдар қатарына қосылып отыр.

«Жақсы болар жігіттің, жұмыссыз жүрген күні жоқ», – дейді халық даналығы. Жас болса да бас болып компанияны басқарып отырған Мағжан Ералиев: «Біздің мекеме – Қазақстандағы тұқыммен айналысатын алдыңғы қатарлы компания. Сондықтан Германиялық PETHUS фирмасы өзінің 150 жылдық тарихымен және әлемде алғаш рет егістік тұқымын механикалық тазарту құрылғыларын жеткізетін және тұқымды дайындау, қайта өңдеу мен өнімді сақтауды ұйымдастыратын фирма ретінде бізді қызықтырады. Біз бұл фирмамен серіктестікке дайынбыз. Құрылғыларды сатып алып қана қоймай, Қазақстандық мамандарды оқыту үшін біз сол елден кәсіби шеберлерді шақыртпақпыз. Жаңа технологиялармен еңбек ету, өндіріс машиналарын құрылымдау сияқты маңызды салаларға да қызметкерлерді дайындау алдағы мақсатымыз», – дейді. Кәсібінен бақыт тапқан, ырысымен бөлісіп отырған бұл кәсіпорынға халық та риза.

1-тапсырма. Мәтіннен мына сөздердің сәйкес мағыналарын табыңыз.

Ғұмыр _____

Ісімен _____

Қамтамасыз етіп отыр _____

Түгел _____

Еңбексіз _____

2-тапсырма. Төменде берілген әр сөйлемді өз сөзіңізбен қайта жазыңыз.
Сөйлемдерді берілген сөздермен бастаңыз

Мысалы: «Жер – өмірдің бесігі, Еңбек – ердің несібі», – дейді қазақ халқы.

Қазақ халқы _____

Жауабы: Қазақ халқы өмірдің негізі жер екенін, адамның несібесі еңбек екенін айтқан.

1. Солардың бірі – Қызылорда облысында күріш өндірумен айналысатын -
«Абзал және К» ТС-і.

«Абзал және К» ТС-і _____

2. Ауыл шаруашылығы өнімін шығару арқылы да үлкен жетістікке жетуге болатынын дәлелдеп отырған бұл өндірісті жас кәсіпкер Мағжан Ералиев басқарып отыр.

Жас кәсіпкер Мағжан _____

3. Компания Нағи Илиясов ауылындағы арнайы жерлерінде күріш егеді де, алынған өнімді өз зауытында өңдейді.

Нағи Илиясов ауылындағы _____

4. Компания қазіргі таңда күріш өндірушілердің үздік үштігінің қатарына қосылды.

Қазіргі таңда _____

5. Жыл сайынғы өткізілетін «Туған жерге тағзым» жобасының төңірегінде компания туған жері – Н.Илиясов ауылының дамуына үздіксіз үлес қосып келеді.

Компания _____

6. Компанияның қолдауы нәтижесінде бұл ауыл республика көлеміндегі озық ауылдар қатарына қосылып отыр.

Ауыл _____

7. «Жақсы болар жігіттің, жұмыссыз жүрген күні жоқ», – дейді халық даналығы. Халық даналығы _____

8. Біздің мекеме – Қазақстандағы тұқыммен айналысатын алдыңғы қатарлы компания. Қазақстандағы _____

9. Құрылғыларды сатып алып қана қоймай, Қазақстандық мамандарды оқыту үшін біз солелден кәсіби шеберлерді шақыртпақпыз.

Біз _____

10. Кәсібінен бақыт тапқан, ырысымен бөлісіп отырған бұл кәсіпорынға халық та риза.

Халық _____

3-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Мүмкіндігінше, өз сөзіңізбен жауапберуге тырысыңыз.

1. Неге қазақ халқы «Жер – өмірдің бесігі, Еңбек – ердің несібі» дейді?
2. Компанияның жеткен жетістіктері мен пайдасына қандай істерін жатқызуға болады?
3. Компанияның алға қойған мақсатының елімізге тигізер әсері қандай?

Лексика-грамматикалық бөлім	Тапсырма нөмірі	Бағалау міндеттері	Балл саны
Кәсіп – бақыттың шырағы, Еңбек – ырыстың бұлағы	1.	Коммуникативтік құзырлық Білім алушы: • білім алушы оқылған тақырыптар аясында белгілі бір күрделі тұтас мәтіндердің мазмұнын түсінуі;	5
	2	Коммуникативтік құзырлық Білім алушы: • сөздердің айқын және астарлы мағынасын, мәнін түсінуі; • белгіленген оқу стратегияларын пайдалануы тиіс. Тілдік құзырлық орфографиялық және грамматикалық нормаларды сақтауы тиіс.	10 +5 (тіл сапасы)
	3	Коммуникативтік құзырлық Білім алушы: • өзектілігін анықтай отырып, дереккөздерден қажетті ақпаратты алуы; Тілдік құзырлық орфографиялық және грамматикалық нормаларды сақтауы тиіс.	3+2 цы (тіл сапасы)
Барлық балл саны			25

Көшпенділер мәдениеті

Адамзат баласы жасаған мәдениет екі түрге бөлінеді. Біріншісі – рухани мәдениет, екіншісі – материалдық мәдениет. Рухани мәдениетке музыка, әдебиет, сәулет өнері, сурет өнері, кескін өнері жатады. Адам баласының шаруашылыққа байланысты күн көрісінен туған дүниелер материалдық мәдениетті құрайды. Көшпелілердің рухани мәдениетінің дамуы тіршілік қарекетінің, тұрмысының ерекшеліктерінен туындайды. Көшпелілер өз тұрмыс-қарекетіне лайықты мәдениет қалыптастырған. Көшпелілердің материалдық мәдениеті көшіп-қонуға ыңғайланып жасалған. Мұндай таза көшпелі мәдениет үлгілерінің біріне жиналмалы, жығып-тігуі өте жеңіл киіз үйді жатқызамыз. Киіз үй тек баспана емес, халықтың өмірлік салт - дәстүрінің таңбасы қызметін атқарады.

Орталық Азиядағы күмбездік архитектураның бір бастауы – көшпелілердің киіз үйі. Киіз үй – Орталық Азия халықтарының негізгі баспанасы, көшпелі тұрғын үйі. Ол – көшпенділердің оңай жығып, шапшаң тігуге, көшіп-қонуға ыңғайлы үйі. Көшпенділердің киіз үйі – тарихымыздағы ең бірінші сәулеттік құрылыс. «Киіз үй (оның құрылымы, ішкі безендірілуі) – қырғыз-қайсақтардың үйі, оның көшпелі өміріне ыңғайлы: орташа көлем мен салмақтағы киіз үйді бір түйеге артуға болады. Ол керегелерден, жіңішке уықтар мен бірнеше киіз жабдықтардан тұрады. Біріншісі – үйдің негізі, ал екіншісі – суық пен аяздан қорғайды. Киіз үйдің ағаш құрамы үш бөліктен тұрады: кереге, уық және шаңырақ», – деп жазады Шоқан Уәлиханов.

Шаңырақ – киіз үйдегі ғаламның моделі. Бүкіл ғалам мен адам арасын байланыстырушы. Рухани мәдениет ретінде қарастырсақ, киіз үй баспана ғана емес, жамандықтан қорғайтын киелі орын. Шаңырақ – қасиетті. Шаңырақтың астында ошақ орналасады. Ошақ – адамның оты. Ошақ орналасқан соң, ортаға қазан асылады. Шағырақтың астында тұратын қазан – «Құт» деген түсініктің басы. Оған аспаннан нұр құйылады. Оның бізге жеткен керемет үлгісі – Түркістандағы Тайқазан. Қазанды татулықтың белгісі ретінде көрсететін аңыздар да бар. Оның бірінде: «жауласқан мың батырдың найзасының ұшы ерітіліп, қазан құйылған екен» деп басталады. Олай болса қазанды береке-бірліктің символы деп те айта аламыз.

Киіз үйдің есігі әдетте шығысқа қаратылады. Бұл – күннің сәулесі үйге бірінші түссін дегенді білдіреді. Есікке қарама-қарсы бетте – төр. Төрде отырып, билік айтқандар мемлекет билігіне дейін көтерілген. Мұны «төр» сөзі Орхон-Енисей жазбаларында мемлекет мағынасында қолданылғанынан байқауға болады.

Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын. Сондықтан, шопандар да, туристер де пайдаланады. Киіз үй жер сілкінісінде де ыңғайлы, өйткені ол оңайлықпен бұзылмайды. Қазақстан жер сілкінісінен зардап шеккен елдерге шатырдың орнына киіз үйлер апарып жүр. Көшпенділердің киіз үйі — ғасырлар бойы өз құндылығын жоймай келе жатқан құнды мәдени жәдігер.

1-тапсырма. Мәтіннен мына сөздердің сәйкес мағыналарын табыңыз.

Өзгешеліктерінен _____

Белгісі _____

Жылдам _____

Қолайлы _____

Сақтайды _____

2-тапсырма. Төменде берілген әр сөйлемді өз сөзіңізбен қайта жазыңыз.
Сөйлемдерді берілген сөздермен бастаңыз.

Мысалы: Адамзат баласы жасаған мәдениет екі түрге бөлінеді.

Жауабы: Мәдениет адамдардың жасауы бойынша екі түрге ажыратылады.

1. Адам баласының шаруашылыққа байланысты күн көрісінен туған дүниелер материалдық мәдениетті құрайды.

Материалдық мәдениетті _____

2. Көшпелілердің рухани мәдениетінің дамуы тіршілік қарекетінің, тұрмысының ерекшеліктерінен туындайды.

Рухани мәдениетінің _____

3. Киіз үй — Орталық Азия халықтарының негізгі баспанасы, көшпелі тұрғын үйі.

Орталық Азия халықтарының _____

4. Көшпенділердің киіз үйі — тарихымыздағы ең бірінші сәулеттік құрылыс.

Тарихымыздағы _____

5. Киіз үйдің ағаш құрамы үш бөліктен тұрады: кереге, уық және шаңырақ», - деп жазады Шоқан Уәлиханов.

Шоқан Уәлиханов _____

6. Қазанды татулықтың белгісі ретінде көрсететін аңыздар да бар.

Татулықтың белгісі _____

7. Мұны «төр» сөзі Орхон-Енисей жазбаларында мемлекет мағынасында қолданылғанынан байқауға болады.

Орхон-Енисей жазбаларында _____

8. Киіз үй жер сілкінісінде де ыңғайлы, өйткені ол оңайлықпен бұзылмайды.

Жер сілкінісінде _____

9. Қазақстан жер сілкінісінен зардап шеккен елдерге шатырдың орнына киіз үйлер апарып жүр.

Жер сілкінісінен _____

10. Көшпенділердің киіз үйі- ғасырлар бойы өз құндылығын жоймай келе жатқан құндымәдени жәдігер.

Ғасырлар бойы _____

3-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Мүмкіндігінше, өз сөзіңізбен жауапберуге тырысыңыз.

1. Қандай қасиетіне қарап киіз үйді көшпелі мәдениет үлгісіне жатқызуға болады?
2. Неге шаңырақ бүкіл ғалам мен адам арасын байланыстырушы? Кем дегенде 2 әсерін көрсетіңіз.
3. Киіз үй неліктен бүгінгі күнге дейін өз құндылығын жоймай келе жатыр? 2 дәлелді жазыңыз.

Лексика-грамматикалық бөлім	Тапсырма нөмірі	Бағалау міндеттері	Балл саны
Көшпенділер мәдениеті	1.	Коммуникативтік құзырлық Білім алушы: • білім алушы оқылған тақырыптар аясында белгілі бір күрделі тұтас мәтіндердің мазмұнын түсінуі;	5
	2	Коммуникативтік құзырлық Білім алушы: • сөздердің айқын және астарлы мағынасын, мәнін түсінуі; • белгіленген оқу стратегияларын пайдалануы тиіс. Тілдік құзырлық орфографиялық және грамматикалық нормаларды сақтауы тиіс.	10 +5 (тіл сапасы)
	3	Коммуникативтік құзырлық Білім алушы: • өзектілігін анықтай отырып, дереккөздерден қажетті ақпаратты алуы; Тілдік құзырлық орфографиялық және грамматикалық нормаларды сақтауы тиіс.	3+2 цы(тіл сапасы)
Барлық балл саны			25

Наурыз және әлем халықтарының оны қарсы алу ерекшеліктері

Наурыз мерекесі әлемнің ең көне мерекелерінің бірі болып саналады. Бұл мереке Орта Азия халықтарында мыңдаған жылдар бойы тойланып келеді. Ал 2010 жылдың 10 мамырынан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 64-қарарына сәйкес 21 наурыз «Халықаралық Наурыз күні» болып белгіленді. Бас Ассамблея өзінің берген түсініктемесінде «Наурызды көктем мерекесі ретінде 3000 жылдан бері Балқан түбегінде, Қара теңіз аймағында, Кавказда, Орта Азияда және Таяу Шығыста 300 миллион адам тойлайтындығын» мәлімдеді. Ал UNESCO болса, 2009 жылдың 30 қыркүйегінде Наурыз мерекесін мәдени мұра тізіміне кіргізді.

«Наурыз» сөзі парсы тілінен аударғанда «Жаңа күн» деген мағынаны береді. Парсының «нау» сөзі әр түрлі өзгерістерге ұшыраса да, мағынасы көп халықтың тілінде сақталған. Шығыс жыл санағы бойынша, бұл мереке ирандықтардың жаңа жылы — Наврузға жақын. Наурыз мерекесін түркі тілдес халықтар тойлайды. Тәжік халқы бұл мерекені «Бәйшешек» не «Гүлнавруз», татарлар «Нардуган», бирмалықтар «Су мерекесі», хорезмдіктер «Наусарджи», буряттар «Сагаан сара», армяндар «Навасарди», чуваштар «Норис ояхе» деп атаған. Қазақтардың Наурызды тойлау тарихын ұлы ақын Абай өзінің «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» жазбасында көшпелі халықтардың тарихымен ұштастырады. Бұл Әбу Райхан Бируни, Омар Наям тәрізді әлем таныған тарихи тұлғалардың еңбектерінде де кездеседі. Шығыс халықтарының Наурыз мерекесін қалай тойлағаны туралы деректер көп. Парсы тілдес халықтар Наурызды бірнеше күн тойлаған. Яғни, олар Наурыз күндерінде мынадай салт- дәстүр, ырымдар жасаған: әр жерде үлкен от жағып, отқа май құйған. Жаңа өнген жеті дөңге қарап болашақты болжаған. Жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже «сумалық» ұсынған. Көне киімдерін тастаған. Бір-біріне гүл сыйлаған. Үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою – «күн символын» салған. Жамбы ату тәрізді түрлі жарыстар өткізген. Бұл күні кәрі-жас қуанады. Адамдар бір-біріне жақсы тілектерді айтады, татуласады.

Наурыздың дәстүрлі тағамы «Наурыз көже» туралы деректер өте көп. Ол жеті түрлі азықтық заттан тұрады. Жеті деген сан аптаның жеті күнін бейнелейді, бұл санның мағынасы терең. Өзбекстанда «Сумалақ» — наурыз көжеге ұқсас дәстүрлі тағам.

Қазақстанда Наурыз мерекесі 1988 жылдан бері қайта жаңғырып, халық болып тойлау дәстүрі өз жалғасын тапты. Ал 1991 жылы 15 наурызда Қазақстан Президенті Жарлығының негізінде мемлекеттік мәртебеге ие болды. 2009 жылдың 24 сәуірінде Елбасы наурыз айының 21, 22, 23 күндерін «Наурыз мерекесі» деп жариялады.

Наурыз — көктем мен еңбектің, достық пен бірліктің мерекесі. Сан ғасырлық парасат пен еңбектің нәтижесінде қалыптасқан Наурыз мерекесі халықтың жарқын болашағының кепілі болып қала береді.

1-тапсырма. Мәтіннен мына сөздердің сәйкес мағыналарын табыңыз.

Ежелгі _____
Мерекелейді _____
Елдер _____
Мәлімет _____
Сайыс _____

2-тапсырма. Төменде берілген әр сөйлемді өз сөзіңізбен қайта жазыңыз. Сөйлемдерді берілген сөздермен бастаңыз.

Мысалы: Наурыз мерекесі әлемнің ең көне мерекелерінің бірі болып саналады.

Көне мерекелердің бірі _____

Жауабы: Көне мерекелердің бірі дүниежүзі бойынша Наурыз мерекесі екен.

1. Бұл мереке Орта Азия халықтарында мыңдаған жылдар бойы тойланып келеді.

Орта Азия халықтарында _____

2. Парсының «нау» сөзі әр түрлі өзгерістерге ұшыраса да, мағынасы көп халықтың тіліндесақталған.

Әр түрлі өзгерістерге _____

3. Шығыс жыл санағы бойынша, бұл мереке ирандықтардың жаңа жылы – Наврузға жақын. Бұл мереке _____

4. Қазақтардың Наурызды тойлау тарихын ұлы ақын Абай өзінің «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» жазбасында көшпелі халықтардың тарихымен ұштастырады

«Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» жазбасында _____

5. Шығыс халықтарының Наурыз мерекесін қалай тойлағаны туралы деректер көп.

Наурыз мерекесін _____

6. Жаңа өнген жеті дәнге қарап болашақты болжаған.

Болашақты _____

7. Үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою – «күн символын» салған.

Күн символын _____

8. Наурыздың дәстүрлі тағамы «Наурыз көже» туралы деректер өте көп.

Наурыз көже _____

9. Қазақстанда Наурыз мерекесі 1988 жылдан бері қайта жаңғырып, халық болып тойлаудәстүрі өз жалғасын тапты.

Наурыз мерекесі _____

10. Сан ғасырлық парасат пен еңбектің нәтижесінде қалыптасқан Наурыз мерекесі халықтың жарқын болашағының кепілі болып қала береді.

Наурыз мерекесі

3-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Мүмкіндігінше, өз сөзіңізбен жауап беруге тырысыңыз.

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен 21 наурыз «Халықаралық Наурыз күні» болып белгіленуінің қандай себебі бар?

2. Шығыс халықтарының Наурыз мерекесін қалай тойлайды? 2 дерек келтіріңіз.

3. Наурыз мерекесі халықтың жарқын болашағы дегенді қалай түсінесің?

Лексика-грамматикалық бөлім	Тапсырма нөмірі	Бағалау міндеттері	Балл саны
Наурыз және әлем халықтарының оны қарсы алу ерекшеліктері	1.	Коммуникативтік құзырлық Білім алушы: • білім алушы оқылған тақырыптар аясында белгілі бір күрделі тұтас мәтіндердің мазмұнын түсінуі;	5
	2	Коммуникативтік құзырлық Білім алушы: • сөздердің айқын және астарлы мағынасын, мәнін түсінуі; • белгіленген оқу стратегияларын пайдалануы тиіс. Тілдік құзырлық орфографиялық және грамматикалық нормаларды сақтауы тиіс.	10 +5 (тіл сапасы)
	3	Коммуникативтік құзырлық Білім алушы: • өзектілігін анықтай отырып, дереккөздерден қажетті ақпаратты алуы; Тілдік құзырлық орфографиялық және грамматикалық нормаларды сақтауы тиіс.	3+2 цы (тіл сапасы)
Барлық балл саны			25

Алаш идеясы мен қайраткерлері

Алаш – ежелгі түрік сөзі. Ол – бауырластар, қандастар, туыстар дегенді білдіреді. Алаш аты тарихта кездесетін ең көне атаулардың қатарына жатады. Ескі шежіре деректерінде Алаш атауы қазақ халқының синонимі ретінде келтіріледі. Мысалы, Қадырғали Жалаиридін өзі деректерінде қазақтың орнына Алаш атауын қолданады. «Атамыз – Алаш, керегеміз – ағаш» деген қазақ халқы ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресінде ежелгі Алаш ұғымына қайта оралып, оны бостандық пен бірліктің ұраны етіп алды.

«Алаш идеясы» – қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы. Өйткені Алаш – халқымыздың бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш – ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі. Алаш – ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау әрекеті.

Қазақ тарихында Алаш арыстарының орны ерекше. Олар Қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін сақтай отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, өркениетті елдердің өмір тәжірибесінен үйренуді көздеді. Елге демократия, білім-білік алып келу үдерісінің бастауында тұрғандар да осы зиялы қауым өкілдері болды. Алаш зиялылары Отанға адал қызмет етуді мақсат етті. Алаш қайраткерлері қазақ халқын азат ел ету бағытындағы мақсатты ойларын бес тұғырға негіздеді. Бірінші – жер мәселесі. Жерсіз Отан жоқ. Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді. Екінші – жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік Қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Үшінші – толықтай экономикалық тәуелсіздікке қолжеткізуге ұмтылуы тиіс еді. Төртінші – қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек. Бесінші, түпкі мақсатымыз – ғылым мен ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, ұлттық-демократиялық мемлекет құру

Алаш идеясы ұлттық бірігу концепциясына алып келді. Алаш идеясы қазақтың оқыған, саяси орталықтарда білім алған, мемлекет құрылысын қалыптастыру туралы білетін ұлт зиялыларының басын біріктірді. Алаш идеясының аясында мыңдаған қазақтың басы бірікті. Алаш зиялылары ұлттық әскер құрып, қуатты мемлекетке айналу идеясын автономия құрудан бұрын ойластырған еді. Өйткені мемлекеттің негізгі тірегі, қорғаны – әскер. Өткен ғасырдың басындағы Алаш Орда қайраткерлерінің ұлттық тәуелсіздікке ұмтылыста халық сарбаздарын құру ісі – бүгінгі қазақ әскерінің қалыптасуының алғышарты.

Алаш қозғалысының негізгі идеясы демократиялы қоғам қалыптастырып, тәуелсіздік пен дамудың алғышарты ретінде қазақтың ұлттық мемлекетін құру болатын. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті – сол идеяның жемісі.

(346 сөз)

1-тапсырма. Мәтіннен мына сөздердің сәйкес мағыналарын табыңыз.

мағынасына _____

ажырамас _____

еркін _____

көшіп келушілерге _____

қосты _____

2-тапсырма. Төменде берілген әр сөйлемді өз сөзіңізбен қайта жазыңыз.
Сөйлемдерді берілген сөздермен бастаңыз.

Мысалы: Алаш аты тарихта кездесетін ең көне атаулардың қатарына жатады.

Жауабы: Тарихта алаш аты — ежелгі атаулардың бірі.

1. Ескі шежіре деректерінде Алаш атауы қазақ халқының синонимі ретінде келтіріледі. Алаш атауы _____

2. Қадырғали Жалаиридің өзі деректерінде қазақтың орнына Алаш атауын қолданады. Алаш атауын _____

3. Алаш – ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесінанықтау әрекеті.

Ел ретінде _____

4. Елге демократия, білім-білік алып келу үдерісінің бастауында тұрғандар да осы зиялықауым өкілдері болды.

Зиялы қауым өкілдері _____

5. Алаш зиялылары Отанға адал қызмет етуді мақсат етті.

Отанға _____

6. Алаш қайраткерлері қазақ халқын азат ел ету бағытындағы мақсатты ойларын бестұғырға негіздеді .

Қазақ халқын _____

7. Түпкі мақсатымыз — ғылым мен ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, ұлттық-демократиялық мемлекет құру.

Ғылым мен _____

8. Алаш идеясының аясында мыңдаған қазақ бірікті.

Мыңдаған қазақ _____

9. Алаш зиялылары ұлттық әскер құрып, қуатты мемлекетке айналу идеясын автономия құрудан бұрын ойластырған еді.

Қуатты мемлекетке айналу _____